



**«ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЕЛДЕРІНІҢ АРАБ ӘЛЕМІМЕН ТІЛ, ТАРИХ ЖӘНЕ  
МӘДЕНИЕТ САЛАЛАРЫНДАҒЫ БАЙЛАНЫСЫ»** атты  
халықаралық ғылыми-практикалық конференция  
**МАТЕРИАЛДАРЫ**

2019 жыл 19 қараша, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы

المؤتمر العلمي الدولي  
«العلاقات بين دول آسيا الوسطى والعالم العربي  
في مجال اللغة والتاريخ والثقافة»

جمهورية كازاخستان - ألماتي، 19 نوفمبر 2019

**MATERIALS**

of International Scientific and Practical Conference

**«RELATIONS BETWEEN THE CENTRAL ASIAN COUNTRIES AND  
THE ARAB WORLD IN THE FIELD OF LANGUAGE, HISTORY AND CULTURE»**

November 19, 2019, Republic of Kazakhstan, Almaty

Анипина А.К.,<sup>1</sup> Оразақынқызы Ф.<sup>2</sup>  
<sup>1</sup> Ph.D докторант, эл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы, Қазақстан,  
aliyaanipina80@gmail.com  
<sup>2</sup> Ph.D., профессор м.а., эл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы, Қазақстан.

## ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ҚЫТАЙ ТІЛДЕРІНДЕГІ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ МӘДЕНИ СИПАТЫ

Мақал-мәтел – кез келген ұлттың тіліндегі маңызды бөлігі, әр ұлттың тілін сақтайтын қазынасы. Мақал-мәтелдің мазмұны сан алуан, мағынасы өте терең, тәрбиелік мән беріп, белгілі бір ұлттың географиялық жағдайы, тарихы, қоғамдық жүйесі мен бай мәдениеті жайлы мағлұмат береді. Ли Найкунь профессор айтпақшы: «Лингвист мақал-мәтелдерін «ұлттың айнасы», «тілдің қазбасы», «кішігірім энциклопедия» деп айтқан». Мақал-мәтелдер зерттеу арқылы біз сол ұлттың мәдениетін, тарихын, наным-сенімдері мен психологиялық көзқарасын түсінеміз. Мақал-мәтел мен мәдениет ешқашан бөлектенбеген, тіл болмаса мәдениет те болмас еді, тіл - мәдениет көрінісі, бірақ тіл бір уақытта мәдениеттің әсерін де алады. Экономиканың үздіксіз дамуы себебінен ешқашан бөлектенбеген, тіл болмаса қатынастар күннен күнге ұлғаюда, екі жақтың мақал-мәтелді өзара қолдану жиілігі артуда, сондықтан қазақ-қытай мақал-мәтелдерін салыстыра зерттеу қазіргі таңда өте өзекті. Берілген мақалада қазақ және қытай тілдеріндегі мақал мәтелдердің мағынасы, құрылымы жағынан ұқсастықтары мысалдармен беріліп қарастырылды.

**Кілт сөздер:** мақал-мәтел, мәдениет, риторика, дін, мәдени психология.  
В данной статье рассматриваются сходства пословиц и поговорок казахского и китайского языков.  
**Ключевые слова:** пословица и поговорка, культура, риторика, религия, культурная психология.

This article discusses the similarities of proverbs and sayings of the Kazakh and Chinese languages.

**Key words:** proverb and saying, culture, rhetoric, religion, cultural psychology.

«Кез келген ұлттың мәдениетінің ұқсас және ортақ жақтары бар, бұл ұқсас және ортақ жақтар тілде бейнеленеді» (李乃坤 1993). Қазақ халқы ұзақ жылдар көшпелі өмір салтын ұстанған. Негізінен жылқы малын бағумен, сонымен бірге өгіз, сиыр, қой, түйе ұстаған. Алыс көшпелі жайылымдарға төрт дөңгелекті киіз күймелі арбамен көшіп жүрген. Қазақ және қытай халықтарының тарихы, салт-дәстүрі, ұстанатын діні, мәдени дәстүрі мүлдем ұқсас болмаса да, қазақ-қытай мақал-мәтелдері – ұлттық тілдің көрінісі болып табылады, олардың тілдерінің бай екендігін көрсетеді, сонымен қатар ортақ ұқсастықтарының да бар екенін байқатады.

Тілдері екі бөлек топқа жататын, ұстанатын діндері де екі түрлі, мәдениетінде де айырмашылық өте көп қазақ және қытай ұлттарының мақал-мәтелдерін зерттей келе ортақ ұқсас тақырыптарының көп екенін байқауға болады. Көптеген қазақ және қытай ұлттарының мақал-мәтелдері ұзақ уақыт тоқтаусыз еңбек етіп қажыған, шаршаған халыққа арналады, бір біріне мүлдем ұқсамайтын екі ұлттың объективті әлемге танымдары мен ойларының бірдей екенін көрсетеді.

Мақал-мәтел – белгілі бір тілдің мәні, мақал-мәтелдің формасы мен дамуы ұзақ уақыттық тарихты қамтиды, өндіргіш күштер мен ғылым дамуының деңгейін сіңірген табиғат пен қоршаған ортамен тығыз байланыста болған. Тек қазақ ұлтының мақалдары ғана емес, қытай ұлтының мақалдары да өндіріс тәжірибесінен туындаған, ұжымның ақылынан туындаған қазына, ол халықтың ойлау қабілетін, сезімі мен ерік-жігерін кеңейтті, олардың болашаққа деген арманын бейнелейді. Көшпенділікпен өмір сүрген қазақ халқы бірнеше мыңдаған жылдар бойы дамытқан мал шаруашылығы олардың өмір бөлінбес бөлшегіне айналды. Осы мағынадағы мақал-мәтелдер де жетерлік. Мысал